

«8D02205 – Археология және этнология » білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ишқалова Гульбану Исмагуловнаның «Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы: тарихи-этнологиялық зерттеу (XVIII ғ. – XX ғ. басы) » тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ишқалова Гульбану Исмагуловнаның «Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы: тарихи-этнологиялық зерттеу (XVIII ғ. – XX ғ. басы) » тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және «Ұлы Даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламасының бағыттарына, сонымен қатар Қазақстан Республикасында туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u>	Г.И. Ишқалованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған: - білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған. Қазақ халқының аңшылығын жан-жакты зерттеуге қадам жасалып, оның типологиясы, аулау тәсілдері жүйеленген. Ізденуші аталған тақырыпты зерттеу барысында дәстүрлі аңшылықтың қазақ халқының тіршілік қамы жүйесіндегі орнын аша отырып, оның дәстүрлілігінің бұзылуын XIX ғасырдағы саяси және экономикалық-әлеуметтік өзгерістермен байланыстыра айқындаған. Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығының шаруашылық, көшпелі өмірдегі маңызы

			өркениеттің дамуы туралы тұжырымдамасы арқылы зерттеліп, тарихи сабактастығы мемлекеттік бағдарламалармен негізделген. Ғылыми жұмыстың тұжырымдары мен корытындылары бұрын соңды жарияланбаған. Автордың «этникалық экология», «құрылғы» теорияларын пайдалануы жұмыстың күнділігін арттырады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Г.И. Ишқалованаң өзі жазу деңгейі жоғары деуге болады. Зерттеуші отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін негізге ала отырып, тарихнамалық талдау жасаған. Ол еңбектердегі казак аңшылығына катысты мәліметтерді барынша жүйелеп, салыстырып, жазба деректермен үштастыра тұжырымдаған. Әсіреле, негізге алған тіршілік қамы және бейсана психологиялық басымдық теориялары мәселені ашуда тиімді теориялық-методологиялық аспектінің құрайды. Соңдықтан теориялар мен тұжырымдарды зерделеуде және зерттеудің тақырыптық мазмұнын ашуда автор тараپынан өзі жазу принципі сакталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Қазак аңшылығы – адамзат қалыптасқан күннен бастап негізгі шаруашылықтың бірі болып, оның құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан территориясындағы генезисі археологиялық деректер негізінде зерделенеді және автор осы мәселелерді теориялық-методологиялық тұрғыдан айқындаған. Этнология ғылымында казак аңшылығының зерттелу бағыттарын талдай келе, автор аңшылықтың типологиясын жасап, тәсілдерін жүйелеген. Сонымен катар әлемдік тәжірибелерді негізге ала отырып, казак аңшылығын зерттеудің негіздерін мемлекеттік бағдарламалар аясында көрсеткен. Әйткені, қазак халқының дәстүрлі аңшылығы шаруашылық түрі ғана емес, ол көшпеліліктің бір элементі, өнердің бір түрі, қыран бүркіт тәуелсіздігіміздің символына айналып, саятшылық UNESCO-ның адамзаттың мәдени материалдық емес құндылықтардың көрnekілік тізіміне енді. Ол әрбір халық үшін сәйкестендірудің негізгі көзі, мәдениетінің көрсеткіші болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Г.И. Ишқалованаң диссертациялық жұмыс мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындауды. Аталған тақырып этнология ғылымының іргелі тақырыптарына жатады. Диссертация кіріспе, үш тарау, он тарауша, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Жұмыс мазмұнындағы барлық тараулар бір-бірімен логикалық тұрғыдан байланыста тақырыптың мақсат-міндеттерін ашады. Автор ғылыми жұмыстарға тән мазмұнда алғашқы тарауда тақырыпты

		<p>зерттеудін теориялық-методологиялық аспектілерін зерделесе, негізгі тарауда аңшылықтың типологиясын, түрлерін, құрал-жабдықтарын зерттеген. Аталған мәселенің қазак қоғамындағы косалқы шаруашылық түрі болуын және оның трансформацияға ұшырау себептерін тіршілік камы жүйесіндегі орнын ашу арқылы тұжырымдаған. Диссертацияның құрылымы этнологиялық жұмысқа тән құрастырылып, ғылыми тілде баяндалған.</p>
	<p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысының максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толыктай сәйкес келеді. Максаты – қазак халқының дәстүрлі аңшылығын тарихи-этнологиялық тұрғыда кешенді зерттеу. Міндеттері: - Қазақстан территориясындағы аңшылықтың генезисін зерттеу; дәстүрлі аңшылықка катысты деректерді жүйелеу және тарихнамалық тұрғыдан талдау; қазак аңшылығының типологиясын жасау; дәстүрлі аңшылық барысында колданылатын құрал-жабдықтарды жүйелеу және сипаттама беру; аңшылық тәсілдерін жүйелеу, топтастыру, сараптау; дәстүрлі аңшылықтың тіршілік камы жүйесіндегі орнын ашу, оның трансформацияға ұшырау себептерін айқындау; аңшылықка байланысты салт-дәстүрлер мен нағым-сенімдерді зерделеу; фольклорлық ұлгілерде аңшылықтың көрініс табуын қарастыру; аңшылық өнімдерін қазак халқының этномедицинада емдік максатта пайдаланылу жолдарын айқындау; материалдық емес мәдени мұра ретінде аңшылықты сактау, даму преспективалары және бағыттарын анықтау.</p> <p>Диссертацияның ұсынған материалдары және алынған нәтижелері қойылған болжамды растап, зерттеудің максаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Әрбір тарау өзара байланыста жалғасып, сәйкесінше корытындыланған. Зерттеудің мазмұнының ұтымды құрастырылуы нәтижесінде қазак аңшылығын зерттеудін теориялық-методологиялық аспектілері айқындалған соң, аңшылықтың типологиясы, түрлері, құрал-жабдықтары және материалдық емес мәдени мұра ретіндегі орны бірізділікпен өзара үйлесімділікте мазмұндалған.</p> <p>Диссертант колданған зерттеу әдістері мәселені талдауға толық мүмкіндік беріп, мазмұнын ашуда негіз болған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла бағаланған. Фольклорлық материалдар,</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла бағаланған. Фольклорлық материалдар,</p>

		<p>белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыны талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>жарияланбаған архив құжаттары мәселені ашуда шебер талданған.</p> <p>Зерттеу барысында қойылған міндеттерді тиімді шешу максатында тарихиық, объективтілік және құрылымдық-функционалдық, анализ және синтез, тарихи-салыстырмалы және далалық зерттеу әдістері пайдаланылған. Салыстырмалы-тарихиық әдіс зерттеу нысанының әртүрлі тарихи кезеңдерде даму ерекшеліктерін айқындаса, дәстүрлі аңшылықтың саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістер есепінен трансформацияға ұшырауын объективтілік принцип арқылы және аңшылықтың қазак қоғамындағы орны мен тіршілік қамы жүйесіндегі ролі құрылымдық-функционалдық әдіс арқылы айқындалған. Далалық зерттеу әдістері көтөреді: тікелей бакылау және дерек берушілермен сұхбат арқылы жүрген. Әрбір бөлімді корытындылап, аңшылықтың қазак қоғамындағы орны мен маңызын, бұзылуын деректер негізінде тұжырымдаған.</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидаттары толығымен негізінен жаңа болып табылады. Қазак аңшылығы кеңестік дәүірге дейін негізінен патшалықтың саясатын жүзеге асыру көзқарасынан зерттелсе, кеңестік кеңестік кезеңде қазак аңшылығының жекелеген түрлері зерттеліп, оның типологиясы жасалмады және жекелеген мақалалардаған зерделенді. Осы тұрғыдан алғанда автор аталған мәселеленің әртүрлі кезеңдерде зерттелуін тарихнамалық талдау жасауға тырыскан.</p> <p>Нәтижеде:</p> <p>Зерттелу деңгейі негізінде тарихнамалық талдау жасалып, қазак аңшылығының әртүрлі кезеңдерде және зерттеушілер тараپынан шаруашылықтың бір түрі,nomadism элементі және өнер түрі бағыттарында зерттелгені айқындалған; алғаш рет қазак дәстүрлі аңшылығы тіршілік қамы жүйесінің бір элементі ретінде карастырылып, оның алғашында табигат пен әлеуметтік факторларға, ал Ресей империясының отарлауымен патша үкіметіне тәуелді болғандығы ашылған; архив құжаттары арқылы қазак даласындағы аңшылықтың даму барысы мен оған қатысты патшалықтың қабылдаған заңдары, аңшылықты реттеу туралы шаралары көрсетіліп, қазак құсбегілігінің орыс патшасы тараپынан қызығушылық тудырып, оны сарай маңында ұстауға деген талпынысы мен арнайы іздеу жұмыстары жүргізілгені анықталған; қазак халқының дәстүрлі аңшылығы – адам мен коршаған орта арасындағы тікелей және карымта байланысты реттеу ші ретінде орны нақтыланып, осы байланыстың үзіліү себептерінен аңшылықтың жабайы түрге айналуы айқындалған. Бұл нәтижелер мен қағидаттар</p>

			жұмыстың толықтай ғылыми жаңалықтары болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа деп қабылдауға болады. Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы кешенді түрде зерттеліп, деректері жүйеленген, тарихнамалық тұрғыдан талданып, типологиясы жасалған, тұрларі мәне тәсілдері жүйеленген, казак өміріндегі мәні мен маңызы ашылған, біте қайнаскан салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері зерделенген. Сонымен катарап тарихи сабактастыры материалдық емес мәдени мұра ретіндегі орнын ашу арқылы дәйектелген. «Заттай, жазбаша, мерзімді басылым, көркем сурет және даалалық экспедиция деректері арқылы дәстүрлі аңшылықтың тұрларі, оның казак шаруашылығы мен өміріндегі орны, өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Қазіргі күні оны кәсіп ретінде дамыту жолдары, бағыттары көрсетіліп, нәтижесінде аңшылықтың әлеуметтік, экологиялық, экономикалық аспекттері негізделді. Осы тақырып арқылы қазактың мінез-құлқындағы, жалпы ұлттық болмысының айнасы болатын құндылығы ашылды» , - деп, автор казақ халқының дәстүрлі аңшылығының қазақ тарих ғылымындағы маңызын қорытындылаған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Әлеуметтік және гуманитарлық бағыттағы диссертацияларда экономикалық немесе басқару шешімдері анықталмайды. Дегенмен, қорытынды бөлімдегі ұсыныстарды этнографиялық зерттеулерде пайдалануға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу бойынша барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Ізденуші казақ аңшылығының типологиясын ұлттық ерекшеліктерге сай жасап, әртүрлі деректерге сүйене отырып, дәстүрлі аңшылықтың трансформацияға ұшырау себептерін накты тұжырымдаған. Оған катысты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдері казақ халқының тұрмыс-тіршілігімен ұштастыра негізделген. Материалдық емес мәдени мұра ретінде бүтінгі күні оның сақталуы мен дамуын мемлекеттік бағдарламалар арқылы дәлелдеп. оны дамыту маңыздылығын шетелдік тәжірибе негізінде экономикалық жағынан түсім ретінде пайдалы жағын ашып көрсеткен.
7.	Корғауға	Әр қағидат бойынша келесі сұркастарға жауап	Ізденуші Г.И. Ишқалованың диссертациялық жұмысы қазақ халқының

	<p>шығарылған негізгі қағидаттар</p> <p>беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жок</p>	<p>көшпелі өмір салтында негізгі шаруашылығымен қатар аңшылықпен айналысу мәселесін зерттеуге арналған. Бұл мәселе жұмыста негізделгендей әр халықтың ерекшелігіне карай этникалық экология және т.б. теориялар арқылы басқа елдердің ғалымдары тарапынан зерттелуде. Зерттеуші диссертацияда келтірген әрбір қағидатын терең дәлелдеген және қорытындылары жаңашылдығымен айқындалады.</p> <p>Бірінші қағидатында казақ халқының негізгі шаруашылық түрі мал шаруашылығы болғандықтан және негізгі өнімді халық мал шаруашылығынан алына байланысты аңшылық өнімге деген қажеттілік болмады, сондықтан қосалқы кәсіпті құрады.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жок; 7.3 ия; 7.4 кен.</p> <p>Екінші қағидатында зерттелу деңгейі негізінде тарихнамалық талдау жасалып, казақ аңшылығының әртүрлі кезеңдерде және зерттеушілер тарапынан шаруашылықтың бір түрі, номадизм элементі және өнер түрі бағыттарында зерттелгені айқындалған. Мұнда автор терең тарихнамалық талдау жасау арқылы қол жеткізген.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жок; 7.3 ия; 7.4 кен. 7.5 ия.</p> <p>Үшінші қағидатында қазақ жерінде жүргізілген археологиялық казба жұмыстары барысында табылған материалдар негізінде қазақ аңшылығының тамыры тереңде еkenі анықталған. Зерттеуші Қазакстан археологтарының зерттеулері негізінде аңшылықтың генезисін карастырган.</p> <p>7.1 дәлелденді; 7.2 жок; 7.3 ия; 7.4 кен</p> <p>Төртінші қағидатында фольклорлық материалдар және жарияланған архив құжаттары алғаш рет пайдаланылған және ғылыми айналымға енгізілген. Дәстүрлі аңшылық негізгі тұрмыс-тіршілікте ерекше орны бар шаруашылық ретінде халық ауыз әдебиетінде өзіндік жеке тақырыпты құрап, наративті деректер түрінде ұлттық сипат пен этникалық ерекшелікке ие дереккөздер аңшылық көріністері жайлы мазмұнды</p>
--	---	---

		<p>акпарат беретіні дәлелденген. Қазак өмірінде «томага тұйық» немесе «ұлардай шулап» деген тіркестердің аңшылықпен тығыз байланыста қалыптасқанын дәлелдеген. Жарияланбаған архив құжаттары катарында патшалық үкіметтің казак аңшылығына қатысты қабылдаған шешімдері мен жергілікті халықтың аңшылықтың мән-мағынасының жойылып, құнкөріс көзіне айналу себептерін ашуға тырыскан.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жок;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 ия.</p> <p>Бесінші қағидатында казак халқының дәстүрлі аңшылығы көшпелі өмір салтына сәйкес өзіндік ерекшелікпен қалыптасып, дамығаны қарастырылған. Соның негізінде казак аңшылығы қатысуы, маңызы, мақсатына қарай жіктелген. Эрбір тұр, тәсілдері мен құрал-жабдықтары жүйеленген. қазак жерінің ерекшелігіне байланысты қосалқы шаруашылықты құраған дәстүрлі аңшылық XVIII-XIX ғасырлардың бас кезінде өз дамуында жоғары дәрежеге жеткені дәлелденген.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жок;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең.</p> <p>Алтыншы қағидатында аңшылық қазак халқының материалдық емес мәдени мұрасы ретінде салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерінде орын алды. Автор аңшылыққа байланысты наным-сенімдер, әдет-ғұрып, ырымдардың тамыры ерте замандағы тотемдік наымдарға байланысты пайда болып, ислам дінінің енуімен соншалықты өзгеріске ұшырамағанын зерделеген.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жок;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең.</p> <p>Жетінші қағидатында қазіргі таңда аңшылықты дамыту әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тұрғыдан көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Себебі, аңшылық немесе аңшылық шаруашылықтар жануарлар ресурстарын басқаруда ең тиімді әдістердің бірі. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, аңшылықты дамыту арқылы жабайы жануарлардың табиги популяциясын сактау және аңшылық шаруашылықтарды дамыту арқылы жануарлар ресурсын рационалды пайдалануға кол жеткізуге</p>
--	--	--

			<p>болады.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жок;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 ия.</p> <p>Зерттеу жұмысының негізгі корытындылары мен нәтижелері жоспарлы түрде диссертация мазмұнын ашатын тақырыптарға сәйкес республикалық және шетелдік басылымдарда 7 макала жарияланған: оның ішінде КР ФЖЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды камтамасыз ету Комитеті тарапынан бекітілген отандық ғылыми журналдарда 3 макала; республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда 3 макала; «Web of Science» және «Scopus» халықаралық деректемелер базасына қатар енетін журналда 1 макала жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	Диссидент зерттеу жұмысын жазу барысында әдістемені таңдауда негізде ғылыми және тарихи әдістеме колданған. Этникалық экология теориясы арқылы аңышылықтың көшпелі мал шаруашылығымен катар дамуын нақтылаған. Ал, тіршілік қамы теориясы негізінде шаруашылықтың казак халқының тіршілік қамы жүйесіндегі орны айқындалған. Осы екі іргелі тұжырымдамалар рационалды таңдау теориясы негізінде шебер байланыстырылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	Зерттеу жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Автор «XIXғ. 90-жж. – XXғ. басындағы Қазақстанның аңышылық алқаптары» атты карта жасап, оған авторлық құқық алушмен ғана шектелмей, аталған картаны интербелсенді карта түрінде ұсынған. Яғни, бұл инновациялық технологияларды этнология ғылымында пайдаланудың аясын көздейтіп отыр. Аталған картаны тек қана этнограф мамандар ғана емес, тарих ғылымының басқа да мамандары пайдаланса болады.
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін	Теориялық корытындылар, анықталған өзара байланыстар және занылықтар, диаграммалар, сауалнама нәтижелері автордың деректерді, ғылыми әдебиеттерді және далалық зерттеу барысында жинаған материалдары негізінде ділелденіп, расталған. Автор көрсеткен. Сонымен аулау тәсілінің реконструкциясын сыйза түрінде көрсеткен.

		<p>нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p>	<p>қатар басқа халықтардан енген тәсілдер катарында арбау арқылы аулау тәсілі негізделген. Сыбызғының аулау құралы болғанын айқындаған. Ізденуші сауалнама арқылы аңшылықтың сабактастығын зерттеп, казак халқы үшін бұл шаруашылықтың ата кесір ретінде алатын орнын көрсеткен.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертацияда маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттермен расталған. Қазақ аңшылығына көтімді деректер топтастырылып, жүйеленген. Аталған мәселенің әртүрлі кезеңдерде шаруашылық, көшпеліліктің бір белгісі және өнер түрінде зерттелуі тұжырымдалған. Аңшылықтың дәстүрлі болуы мен сакталуы сауалнама материалдарына негізделіп, оның тұптамыры ашылған. Берілген ұсыныстар, тұжырымдар мен қорытындылар арнайы ғылыми еңбектер мен нақты материалдарға сүйеніп жазылған. Барлық әдебиеттер талапқа сай рәсімделген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті. Зерттеушінің диссертациялық жұмысында пайдаланған әдебиеттерінің тізімі 232 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Осы библиографиялық тізімге енгізілген деректер, шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми монографиялары мен макалалары сілтемемен көрсетілген.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p>	<p>Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар. Диссидентант «этникалық экология» теориясын пайдаланып, этнография ғылымымен шебер түйістірген. Яғни, адамның ерекшеліктерін ескере отырып, дәстүрлі шаруашылық пен мәдениетті қалыптастырудағы мәні айқындалған. Қазақ халқының дамуында адамның коршаган ортага әсері ғана емес, экологиялық факторлардың этностың тарихи дамуына тигізген ықпалы да қарастырылған. Осы теория негізінде қазақ этносы, оның мәдениеті, шаруашылығы және табиги ортасы даму бірлігінде көрсетілген. Диссертациялық зерттеу барысында негізделген теориялық-методологиялық қағидаттарды бұдан әрі басқа зерттеу жұмыстарында да пайдалануға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иля</u>;</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің колданбалық маңызы жоғары, алғынған нәтижелерді «Тарих», «Археология», «Этнология» және «Музей ісі» мамандықтарын дайындауда таңдау пәні ретінде ұсынуға болады. Сонымен қатар арнаулы дәрістер курсын, оку құралдарын құрастыру</p>

		<p>2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жана;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>үшін тиімді. Тарихи-өлкетану музейлері, тарихи-мәдени ескерткіштердің корғау мекемелері және кітапханалардың ғылыми-көпшілік іс-шараларын ұйымдастыруды да пайдалануға негіз бола алады.</p> <p>Зерттеу жұмысының практикалық ұсыныстары толыктай жаңа болып табылады. Диссертациялық зерттеудің корытындылары бірқатар зерттеулерге негіз бола алады. Сонымен қатар қазақ халқының аңшылығы шаруашылық түрі, көшпелеліктің бір түрі және өнер түріндегі зерттелуі тарихнамалық тұрғыдан талданып, диссертацияда ұсынылған теориялар арқылы толыктырылып, қазақ аңшылығының мәні мен орны ғылыми тұрғыдан ашылған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысы диссертацияға койылатын академиялық талаптарға сай жоғары сапада рәсімделіп, диссертация бөлімдері мен корытындылар сауатты ғылыми тілде жазылған.</p>

Корытынды: Ізденуші Ишқалова Гульбанды Исмагуловнаның «Қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы: тарихи-этнологиялық зерттеу (XVIII ғ. – XX ғ. басы)» атты тақырыбындағы диссертациясы ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің және «Дәрежелер беру» қағидаларының 2-тарауында көрсетілген диссертация талаптарына сай орындалған. Диссертация авторына «8D02205 – Археология және этнология» білім беру бағдарламасының философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Тарих ғылымдарының докторы, доцент

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

(колы)

Күшкүмбаев Айболат Кайрслямович

(Аты-жөні)

